

Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанынан Мемлекеттік сатып алу жөнінде агенттік құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 желтоқсан N 1597.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.20. N 851 қаулысымен. ~P970851

Республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаттары есебінен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік реттеу мен салааралық реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің жанынан Мемлекеттік сатып алу жөнінде агенттік (бұдан әрі - Агенттік) құрылсын.

Агенттікке:

мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және жүргізу тәртібін нормативтік реттеуді жүзеге асыру;

сатып алудың нормативтік құжаттарын әзірлеу және оларды Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсыну;

сатып алуды жүргізу жөнінде мемлекеттік тапсырыс берушілердің қызметін үйлестіру және оған бақылау жасау;

сатып алуды жүргізу жөніндегі орындауға міндетті тендерлік және өзге де құжаттамалар нысанын әзірлеу мен шығару және осы мәселелерде тапсырыс берушілерге әдістемелік көмек көрсету;

Мемлекеттік салып алу бюллетенін шығару;

конкурстық комиссиялардың хаттамалық шешімдерін орындауы мен тапсырыс берушілердің сатып алу рәсімдерін сақтауына бақылау жасау;

берушілердің (мердігерлердің) шағымдарын және олар туралы барлық тапсырысшылар орындауға міндетті шешімдер қабылдауды тексеру;

жалпы мақсаттағы немесе ерекше маңызды тауарлар (жұмыстар, көрсетілген қызметтер) тізбесі бойынша мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру;

сатып алу жөніндегі актілерді, нұсқауларды, өкімдерді, бұйрықтарды жүйелі есепке алу және оларды мемлекеттік тапсырысшылардың назарына жеткізу;

мемлекеттік сатып алуға ұдайы талдау жүргізу және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыну жүктелсін.

2. Агенттік қызметкерлерінің саны 20 адам болып және бір қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

3. Агенттік басшысының лауазымы материалдық-тұрмыстық қызмет көрсету

шарттары бойынша Қазақстан Республикасының Министрі орынбасарының лауазымына теңестірілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Агенттік аппаратын орталық атқарушы органдарды ұстауға көзделген республикалық бюджет қаражаты есебінен ұстауға қажетті қаражат көздесін.

5. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі бір ай мерзім ішінде Агенттік туралы ережені Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне ұсынсын.

6. Мемлекеттік сатып алуды қаржыландыруды бюджеттік қаражатты мақсатты пайдалану жөніндегі қаржылық жоспарына сәйкес мемлекеттік тапсырысшылар жүзеге асырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі